

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ТӨТЕНШЕ ЖАГДАЙЛАР
МИНИСТРЛІГІ
МЕМЛЕКЕТТІК МАТЕРИАЛДЫҚ
РЕЗЕРВТЕР КОМИТЕТИ
«РЕЗЕРВ» ШАРУАШЫЛЫҚ ЖУРГІЗУ
ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК КӘСІПОРНЫ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
ПРЕДПРИЯТИЕ НА ПРАВЕ
ХОЗЯЙСТВЕННОГО ВЕДЕНИЯ «РЕЗЕРВ»
КОМИТЕТА ПО ГОСУДАРСТВЕННЫМ
МАТЕРИАЛЬНЫМ РЕЗЕРВАМ
МИНИСТЕРСТВА
ПО ЧРЕЗВЫЧАЙНЫМ СИТУАЦИЯМ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

БҮЙРЫҚ

ПРИКАЗ

19.05.2023 № 165

**«Резерв» РМК Кеңесші-комплаенс офицері
ережесін бекіту туралы**

«Сыбайлас жемқорлыққа карсы іс-қимыл туралы» КР Заңының 16-
бабының З-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Кеңесші-комплаенс офицері туралы ереже бекітілсін.
2. Бұйрықтың орындалуын бакылауды өзіме қалдырамын.
3. Бұйрық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бас директор

R. Асансейтов



Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының кеңесші-комплаенс офицері туралы
ЕРЕЖЕ

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі Мемлекеттік материалдық резервтер комитетінің «Резерв» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының (бұдан әрі – «Резерв» РМК) кеңесші-комплаенс офицері туралы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңы (бұдан әрі - Зң) 16-бабының 3-тармақшасына сәйкес әзірленді.

2. Осы Ереже Кеңесші-комплаенс офицердің (бұдан әрі – Кеңесші) немесе «Резерв» РМК-дагы Кеңесшінің функцияларын орындайтын адамдардың мақсаттарын, міндеттерін, қағидаттарын, функциялары мен өкілеттіктерін айқындаиды.

3. Осы Ереже «Резерв» РМК ресми интернет-ресурсында орналастырылады және барлық жұмыскерлердің назарына жеткізіледі.

4. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) комплаенс офицер – «Резерв» РМК мен филиалдары жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын лауазымды адам;

2) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау – сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауга ықпал ететін себептер мен жағдайларды анықтау және зерделеу;

3) мұдделер қактығысы – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға үәкілеттік берілген адамдардың, оларға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың жеке мұдделері мен олардың лауазымдық өкілеттіктері арасындағы қайшылық, мұндай жағдайда аталған адамдардың жеке мұдделері олардың өз лауазымдық міндеттерін орындаудына және (немесе) тиісінше орындаудына алып келуі мүмкін;

4) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық – бұл үшін занда әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық белгіленген, сыйбайлас жемқорлық белгілері бар құқыққа кайши, кінәлі түрдегі іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік);

5) сыйбайлас жемқорлық тәуекелі – сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайлардың туындау мүмкіндігі;

6) сыйбайлас жемқорлықтың алдын алу – сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл субъектілерінің алдын алу шаралары жүйесін әзірлеу және енгізу арқылы сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды зерделеу, анықтау, шектеу және жою жөніндегі қызметі;

7) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган – Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы саясатын қалыптастыру мен іске асыруды және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында үйлестіруді, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алуды, анықтауды, жолын кесуді, ашуды және тергеп-тексеруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган және оның аумактық бөлімшелері;

5. «Резерв» РМК-да сыйбайлас жемқорлыққа қарсы функцияларды орындайтын Кеңесші-комплаенс офицер тағайындалады, оның негізгі міндеті ұйымның және оның жұмыскерлерінің Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасын сактауын қамтамасыз ету болып табылады.

Бұл ретте сыйбайлас жемқорлыққа қарсы функцияларды орындайтын Кеңесші-комплаенс офицер мұдделердің ықтимал қақтығысы ескеріле отырып айқындалады.

6. Комплаенс-кенесші офицер «Резерв» РМК Бас директорының бұйрығымен тағайындалады.

7. Кеңесші-комплаенс офицер өз өкілеттігін «Резерв» РМК лауазымды тұлғаларына қарамастан жүзеге асырады, «Резерв» РМК Бас директорына есеп береді. Қазақстан Республикасының Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заннамасы талаптарының сакталуын қамтамасыз ету кезінде тәуелсіз болып табылады.

8. Кеңесші-комплаенс офицер функциясын «Резерв» РМК басқа құрылымдық бөлімшелерінің функцияларымен ұштастыруға жол берілмейді.

9. Егер занда, сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық стандарттарда осы Ережеде көзделмеген Кеңесші-комплаенс офицердің жұмысын ұйымдастыруға қойылатын талаптар мен тәсілдер белгіленген жағдайда, осы талаптар мен тәсілдерді «Резерв» РМК Бас директоры бекітеді.

2 тарау. Кеңесші-комплаенс офицердің мақсаттары, міндеттері, принциптері, функциялары мен өкілеттіктері

10. Кеңесші-комплаенс офицері қызметінің негізгі мақсаты «Резерв» РМК жұмыскерлері мен оның филиалдарының Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз ету, сондай-ақ сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шаралардың іске асырылуына мониторинг жүргізу болып табылады.

11. Кеңесші-комплаенс офицердің міндеттері:

1) «Резерв» РМК және филиалдар жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың алдын алу және алдын алу құралдарын енгізуін қамтамасыз ету;

2) «Резерв» РМК және оның филиалдарында сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі шаралар жүйесін тиімді іске асыру;

3) «Резерв» РМК мен филиалдарда сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді қамтамасыз ету;

4) Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері бойынша сыртқы реттеуши талаптардың және үздік халықаралық практиканың сақталуын қамтамасыз ету;

5) Заңға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың негізгі қағидаттарының сақталуын қамтамасыз ету.

12. «Резерв» РМК Кеңесші-комплаенс офицерінің лауазымын енгізу және функцияларын жүзеге асыру кезінде мынадай қағидаттарды басшылыққа алады:

1) Кеңесші-комплаенс офицердің функцияларын орындау үшін бөлінетін өкілдіктер мен ресурстардың жеткіліктілігі;

2) басшылықтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралардың тиімділігіне мүдделілігі;

3) Кеңесші-комплаенс офицер қызметінің ақпараттық ашыктығы;

4) Кеңесші-комплаенс офицердің тәуелсіздігі;

5) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенсті жүзеге асырудың үздіксіздігі;

6) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жетілдіру;

7) Кеңесші-комплаенс офицер құзыретін үнемі арттыру.

13. Бас директордың тапсырмасы бойынша Кеңесші-комплаенс офицердің функциялары:

1) мыналарды әзірлеуді қамтамасыз етеді:

- «Резерв» РМК және оның филиалдарындағы сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимылдың ішкі саясатын;

- «Резерв» РМК және филиалдардың жұмыскерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл жөніндегі нұсқаулықтарды;

- «Резерв» РМК мен филиалдардағы мүдделер қақтығысын анықтау мен реттеудің ішкі саясатын;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл туралы заңнамаға сәйкес сыйбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты;

- сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-кимыл мәселелері жөніндегі ішкі іс-шаралар жоспарын;

«Резерв» РМК мен филиалдар жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлықта қарсы заңнаманы бұзу фактілері немесе ықтимал бұзушылықтары туралы хабардар ету тәртібін регламенттейтін құжатты;

- корпоративтік этика және жүріс-тұрыс мәселелерін регламенттейтін құжатты;

2) «Резерв» РМК мен филиалдарда сыйбайлас жемқорлықта қарсы саясатын тиімділігіне қатысты ақпаратты жинауды, өндеуді, корытуды, талдауды және бағалауды жүзеге асырады;

3) Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қымыл агенттігі төрағасының «Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» 2016 жылғы 19 қазанды № 12 бұйрығымен бекітілген Сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес «Резерв» РМК және филиалдарының қызметінде сыйбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуді үйлестіреді;

4) Сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қымыл жөніндегі уәкілетті органнын бірінші басшыларының және «Резерв» РМК бірлескен шешімі бойынша жүргізілетін «Резерв» РМК мен филиалдардың қызметіндегі сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін сыртқы талдауға қатысады;

5) «Резерв» РМК мен филиалдарда анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерінің мониторингін және оларды барынша азайту және жою жөнінде қабылданатын шараларды жүзеге асырады;

6) «Резерв» РМК мен филиалдарда сыйбайлас жемқорлыққа карсы іс-қымыл және сыйбайлас жемқорлыққа карсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша түсіндіру іс-шараларын жүргізеді;

7) «Резерв» РМК мен филиалдардың жұмыскерлері үшін сыйбайлас жемқорлыққа карсы оқыту семинарларын ұйымдастырады;

8) «Резерв» РМК мен филиалдар жұмыскерлерінің сыйбайлас жемқорлықта қарсы іс-қымыл саясатын және корпоративтік әдеп пен жүріс-тұрыс мәселелерін сактауын бақылауды қамтамасыз етеді;

9) «Резерв» РМК ұжымында және филиалдарда жалпы қабылданған моральдық-этикалық нормаларға сәйкес келетін өзара қарым-қатынас мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі;

10) Кеңесші-комплаенс офицердің құзыреті шенберінде мемлекеттік функцияларды орындауга уәкілеттік берілген адамдарға тенестірілген адамдардың заңда белгіленген каржылық бақылау шараларын және сыйбайлас жемқорлыққа карсы шектеулерді сактауын қамтамасыз етеді;

11) «Резерв» РМК құрылымдық бөлімшелерінің сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл мәселелері жөніндегі ішкі жоспардың, іс-шаралардың орындалуына мониторинг әзірлейді және жүргізеді;

12) мұдделер қактығысын, оның ішінде «Резерв» РМК мен филиалдарда жұмысқа орналастыру, сатып алу және бизнес-процестер мәселелерін анықтау, мониторингілеу және реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

13) «Резерв» РМК-да және филиалдарда сыйлық беру және алу мәселелерін реттеу жөнінде шаралар қабылдайды;

Ларс

Дүрнә

14) контрагенттердің сенімділігін кешенді тексеруді жүзеге асырады;

15) «Резерв» РМК-да және филиалдарда сыйбайлас жемқорлық фактілері туралы өтініштер (шагымдар) негізінде қызметтік тексерулер жүргізеді және / немесе оларға қатысады;

16) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамадағы, «Резерв» РМК мен филиалдардағы сыйбайлас жемқорлыққа байланысты істер бойынша сот практикасындағы өзгерістерге мониторинг пен талдау жүргізеді;

17) «Резерв» РМК құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінін сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шарапарды іске асыру тиімділігіне бағалау жүргізеді;

18) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша «Резерв» РМК құрылымдық бөлімшелері мен жұмыскерлерінің акпаратын тындайды;

19) «Резерв» РМК басшысына анықталған сыйбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою, «Резерв» РМК мен филиалдардың қызметтің ұйымдастырудың ішкі процестерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсынымдар енгізеді;

20) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органмен және мемлекеттік органдармен, квазимемлекеттік сектор субъектілерімен, қоғамдық бірлестіктермен, сондай-ақ өзге де жеке және занды тұлғалармен өзара іс-қимыл жасайды.

14. «Резерв» РМК Бас директоры Кеңесші-комплаенс офицерді тағайындауды жүзеге асырады және оның өкілеттік мерзімін, сыйақы мөлшерін және еңбекақы төлеу шарттарын айқындаиды.

15. Кеңесші-комплаенс офицердің функционалдық міндеттері, құқықтары мен жауапкершілігі осы Ереженің негізінде өзірленетін лауазымдық нұсқаулықтарда не жұмыскерлердің қызметтік құқықтары мен міндеттерін айқындаитын құжаттарда айқындалады және оны «Резерв» РМК Бас директоры бекітеді.

16. Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Кеңесші-комплаенс офицердің атынан «Резерв» РМК басқа құрылымдық бөлімшелеріне жіберілетін құжаттар мен сауалдарға Кеңесші-комплаенс офицер қол қояды.

17. Кеңесші-комплаенс офицерге комплаенс саласындағы уәкілетті органдар мен кәсіби ұйымдар өткізетін оқыту іс-шараларына қатысу арқылы кәсіби біліктілігін ұдайы арттыру қажет. Кеңесші-комплаенс офицер «Резерв» РМК сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселесі бойынша тиісті курстардан өтіп, тиісті сертификат алуы тиіс.

18. Бас директордың тапсырмалары бойынша өз қызметі шеңберінде Кеңесші-комплаенс офицер:

1) «Резерв» РМК құрылымдық бөлімшелерінен акпарат пен материалдарды, оның ішінде коммерциялық және қызметтік құпияны құрайтын материалдарды сұратады және алады;

2) өз құзыретіне жататын мәселелерді «Резерв» РМК басшыларының қарауына шығаруга бастамашылық жасайды;

А.Джеріф

3) ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылыктар немесе Қазақстан Республикасының сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын бұзушылыктар туралы келіп түсетін хабарламаларға қызметтік тексерулер жүргізеді;

4) қызметтік тергеп-тексеру шенберінде «Резерв» РМК басшылары мен басқа да жұмыскерлерінен жазбаша түсініктемелер беруді талап етеді;

5) Өз күзыреті шегінде ішкі құжаттардың жобаларын әзірлеуге қатысады;

6) «Резерв» РМК жұмыскерлері сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігі туралы «Резерв» РМК-да және филиалдарда хабарлау не сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі шаралардың тиімділігін арттыру жөнінде ұсыныстар енгізу үшін акпараттандыру арналарын құрады;

19. Өз қызметін жүзеге асыру кезінде Кеңесші-комплаенс офицері:

1) Егер онда дайындалып жатқан және (немесе) жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы деректер болмаса, «Резерв» РМК және оның филиалдары туралы акпараттың, офицердің комплаенс функцияларын жүзеге асыру кезеңінде белгілі болған инсайдерлік акпараттың құпиялышының сақтайды;

2) Сыйбайлас жемқорлықтың болжамды немесе нақты фактілері, корпоративтік әдеп кодексін және сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзге де ішкі құжаттарды бұзушылықтар бойынша «Резерв» РМК мен филиалдарында жүгінген адамдардың құпиялышының қамтамасыз етеді;

3) «Резерв» РМК басшысын сыйбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзудың болуы немесе ықтимал мүмкіндігіне байланысты кез келген жағдайлар туралы уақтылы хабардар етеді;

4) Бас директордың тапсырмасы бойынша сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның назарына белгілі болған дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жағдайлары туралы жеткізеді;

5) «Резерв» РМК мен филиалдардың белгіленген жұмыс режиміне кедергі келтірмейді;

6) қызметтік және кәсіптік этиканы сақтайды.

20. Кеңесші-комплаенс офицер мыналарға жол бермеуі керек:

1) ол алдыңғы үш жыл ішінде қатысқан процестерді тексеруге қатысуға;

2) тексерудің бейтараптығына нұқсан келтіретін немесе осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылданатын қызметке қатысуға;

3) құпия акпаратты жеке мұддесі үшін пайдалануға;

4) Искерлік әдеп нормаларын бұзуға;

5) нәтижесінде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің тәуелсіздігіне, объективтілігіне және бейтараптығына нұқсан келуі мүмкін не осындай нұқсан келтіретін ретінде қабылдануы мүмкін сыйлықтар қабылдауға және көрсетілетін қызметтерді пайдалануға;

6) мұдделер қақтығысына әкеп соғуы мүмкін тексерулерге, қызметтік төрғеулерге және басқа да іс-шараларға қатысуға міндетті.

21. «Резерв» РМК басшысы:

1) Кеңесші-комплаенс офицердің қызметін жүзеге асыру үшін тиімді орта құруға жәрдемдесуге, оның мақсаттарын, міндеттерін, функциялары мен міндеттемелерін орындауга, құқықтарын іске асыруға жәрдемдесуге;

2) Кеңесші-комплаенс офицердің қызметін әкімшілік (ұйымдық-техникалық) қамтамасыз етуді жүзеге асыруға, оның ішінде Ақпараттық жүйелер мен қосымшаларды (қажетті деректер базасына қолжетімділікті) және өзге де тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді қоса алғанда, оның қызметі үшін қажетті мүмкіндіктермен, активтермен және ресурстармен қамтамасыз етуге;

3) Кеңесші-комплаенс офицеріне сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыс, әлеуметтік және коммуникациялық дағдылар мен құзыреттер қызметі мәселелері бойынша оқыту және сертификаттау мүмкіндіктерін беруге міндетті.

22. «Резерв» РМК құрылымдық бөлімшелерімен Кеңесші-комплаенс офицердің өзара іс-қимылы жұмыстагы өзара сыпайылық пен дұрыстық негізінде құрылады.

23. «Резерв» РМК құрылымдық бөлімшелерінің жұмыскерлері Кеңесші-комплаенс офицерге көмек көрсетеді:

1) сыйбайлас жемқорлыққа қарсы жұмыстың міндеттері мен функцияларын жүзеге асыру үшін қажетті құжаттар мен ақпаратты ұсыну;

2) анықталған тәуекелдер мен бұзушылықтарды объективті талқылау;

3) туындаитын мәселелер мен проблемаларды бірлесіп шешу.

3-тaraу. Кеңесші-комплаенс офицердің есеп беруі

24. Кеңесші-комплаенс офицер тоқсан сайын «Резерв» РМК және филиалдар бойынша қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар жөніндегі ақпаратты сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органга жібереді.

Сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органның сұрау салуы бойынша қабылданған сыйбайлас жемқорлыққа қарсы шаралар бойынша қосымша ақпарат «Резерв» РМК мен филиалдарға жіберіледі.

25. Кеңесші-комплаенс офицер тоқсан сайын «Резерв» РМК Бас директорына есеп береді.

«Резерв» РМК басшысы тарапынан ықтимал сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туындаған кезде Кеңесші-комплаенс офицер Заның 24-бабының 1-тармагына сәйкес уәкілетті мемлекеттік органдарға жүгінеді.